

Мәслихаттың 2013 жылғы 13 қыркүйектегі № 152 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 242 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 мамырда № 4743 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 99 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 22.12.2016 № 99 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 6-бабының 2-3-тармағына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес Қарабалық аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2013 жылғы 13 қыркүйектегі № 152 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4240 тіркелген, 2013 жылғы 17 қазанда "Айна" аудандық газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларында:

6-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне түрмистық қажеттіліктеріне 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылдың 1 мамырынан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Он бірінші сессия  
төрагасы, аудандық  
мәслихаттың хатшысы

E. Аманжолов

**КЕЛІСІЛДІ:**

"Қарабалық ауданы әкімдігінің  
жұмыспен қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік  
mekemесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Т. Салмина

"Қарабалық ауданы әкімдігінің  
экономика және бюджеттік  
жоспарлау бөлімі" мемлекеттік  
mekemесі басшысының міндетін  
атқарушы

\_\_\_\_\_ Г. Есенова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК